



Алакөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№15 (8101) 13. 04. 2024.
Сенбі / Суббота

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өңір басшысының тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдауы өтті.

Қабылдауға Үшарал қаласының әкімі М.Сайдильдинов, аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Жұмабеков, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

зылған азаматтар өздерін толғандырған мәселелерін айта отырып, тұрғын үй кезегі, денсаулық сақтау және жер мәселелері бойынша өтініштерімен жүгінді. Аудан әкімі әрбір тұрғынның жеке мәселесін тыңдап, тұрғын үй ҚР Заңына сәйкес кезекпен берілетінін жеткізіп, бірқатар мәселелерді бөлім басшыларына жүктеді.

Сонымен қатар Алакөл ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімшесінің басшысы А.Абсаликова аудан тұрғындарына



бөлімінің басшысы А.Садирбекова, аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатыстары бөлімінің басшысы М.Рысбеков және БАҚ өкілдері қатысты.

Жеке қабылдауға алдын ала жа-

«Ресми тәртіпте Е-өтініш жасау - проблемалық мәселені мемлекеттік органдармен бірге шешудің тиімді тәсілі» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Міндетті мәселелер мінберге

Жуырда аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудандық қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысы өтіп, оған округ әкімдері, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері мен әр округтегі төрағалары қатысты.

Жиынды аудандық мәслихат төрағасы Д.Каримов ашты.

Алғы сөз алған аудандық қоғамдық кеңес төрайымы Қ.Қсталасова 56 елді мекен бойынша зерделеу жұмыстары барысында тіркелген кемшіліктер мен атқарылған істер негізінде баяндама оқыды. Баяндамада әр округтегі тұрғындардың ұсыныстары негізінде тіркелген

мәселелер, оларды шешу жолдары жайында айтылды. Қоғамдық кеңес мүшелерінің атқарар жұмысы, алдағы мақсат-міндеттер айқындалып, нақты пікірлер ортаға салынды.

Аудан әкімінің орынбасары Қ.Оспанов барлық ұсыныстар бойынша жауап беріп, алдағы уақытта жұмыс қарымын ұлғайта түсетіндерін жеткізді.

Сонымен қатар аудан-

дық «Алакөл» газетінің бас редакторы, аудандық қоғамдық кеңес мүшесі А.Есенбеков жалпы ұсыныстар тізбегін баяндап, орындалуы қажет істерді тізімдеп шықты.

Артынша әр округтегі қоғамдық кеңес төрағаларымен жеке жиын өтіп, олардың құқықтары мен құзиреттілік мүмкіндіктері түсіндірілді.

Өз тілшіміз.



есебі және 2024 жылға арналған жоспары туралы, Алакөл аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің 2023 жылғы жасалған жұмысының қорытынды есебі және 2024 жылға арналған жоспары туралы, Алакөл ау-

Мәслихат сессиясы өтті

Алакөл аудандық әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихат депутаттарының XXVIII сессиясы өтті. Депутаттар алдында аудандық бөлім басшылары баяндама оқып, алдағы жоспар туралы сөз қозғады.

Сессияның күн тәртібінде: Алакөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы 18-2 «Алакөл ауданының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы, Алакөл аудандық мәслихаты депутатының өкілеттілігін тоқтату туралы, Алакөл аудандық мәслихатының «Алакөл аудандық Қоғамдық Кеңесінің құрамын бекіту туралы» 2022 жылғы 24 ақпандағы 21-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы, Алакөл аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы жасалған жұмысының қорытынды

дандық кәсіпкерлік бөлімінің 2023 жылғы жасалған жұмысының қорытынды есебі және 2024 жылға арналған жоспары туралы, Алакөл аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2023 жылғы жасалған жұмысының қорытынды есебі және 2024 жылға арналған жоспары туралы мәселелер қозғалды.

Баяндамашылар есеп беріп, алдағы жоспар мен атқарылып жатқан жұмыс туралы айтып өтті. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша депутаттар да сұрақ қойып, бір шешімге келді. Мәслихат төрағасы Д.Каримов шешімін тапқан мәселе бойынша жауаптыларды таңдап алып, жұмыстың дұрыс атқарылуын қадағалауды жүктеді.

А.ӘБИТҰЛЫ.

Сайлау – саясаттың негізі деуге болады. Демократия өміршең болу үшін азаматтардың саяси белсенділігі мен бәсекестік аудармай қажет. Сондықтан да мемлекеттік басқару қызметінде халықтың пікірі мен қалауын нақтылау үшін сайлау үрдісі аса маңызды рөл атқарады.

Осы ретте жуырда ау-



Сайлау – саясат негізі

дандық әкімдіктің үлкен мәжіліс залында Алакөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес «Сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында семинар-кеңес ұйымдастырылды.

Аталған жиынға өңіріміздегі 47 сайлау учаске-

лерінің төрағалары мен хатшылары қатысып, жалпы 100-ге жуық адам тартылды. Шараға аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Д.Қанағатов төрағалық етіп, семинар маңыздылығымен таныстырып кетті.

Өз кезегінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Ж.Садырбекова

мен комиссия хатшысы Д.Асамбаев ақпараттық баяндама жасап, слайд арқылы біршама мағлұматтар берілді. Шара соңында топтық жұмыстар ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы кітаптар тапсырылды.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Тіл көркеймей – ел көркеймейді



налаға анық қарасақ, тіл тазалығына аса мән бермейтін азаматтардың көптігін байқаймыз. Мұзбалақ ақын Мұқағали үш бақытының біріне балаған тіл тұғырының теңселуіне не себеп деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол әрине – жаңа дәуір.

Әлеуметтік желі әлеуетімізді арттырып, ғаламтор ғаламдық деңгейге шығуымызға мүмкіндік берді десек те, оның өзіндік кері тұстары да баршылық. Соның бірі – жаһандану. Отауымыз қатар тігілген елдердің тілдері де өз пәрменін тигізіп отыр. Биік мінберлерден ұрандап жатса да, жеме жемге келгенде қазақша сөйлеуді алып қаларда ар санайтындар да кездеседі. Әсіресе, болашақтың кілтін табыстап отырған жастардың біраз бөлігі қазақ-орыс тілдерін талқандай араластырып, таза қалпының шұбарлануына жол беріп отыр. Алайда, ол үрдіс бірден байқала қоймасы анық.

Ұлттық болмыс пен рухани байлығымызды қаз-қалпында сақтап, «Жаңа Қазақстанды» құру мұратымызға қарай қарымды қадамдар жасау үшін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамудан бөлек, дін, діл, әсіресе тілдің құнын түсіріп алмауымыз қажет. Әр елдің тарихы тамырлас болған «Тіл» мәртебесінің биік болуы өте өзекті мәселе. Жоғарыда айтып кеткендей әр елдің түбегейлі жойылып, мәңгүрттенуі үшін ең алдымен ана тіліне тұсау салу жеткілікті. Өйткені, әр ұлттың тілінде олардың өткені, болмысы, рухани һәм дүниәуи тірлігі жатыр. Қай мемлекетті алсаңыз да тілдік ерекшеліктеріне байланысты тұрмыстық өзгешеліктері, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптық айырмашылықтары бар. Демек «тіл» – бұл тек ауызекі сөйлеу

қатынасына ғана керекті құрал емес. Ол – ұлттың өзі.

Сонау Керей мен Жәнібек бастаған ұлы көш бүгінде әлем картасында «Қазақстан» атты тәуелсіз ел болып қалыптасты. Ғасырлар тоғысында мың өліп, мың тірілген жұртымыз өзінің тіліне деген құрметін жоғалтқан емес. Бұл мақтана, шаттана айтатын жағдай. Алайда, жаңа заманның ағымы мен сұранысына байланысты тілдің шалалану процессін де байқап отырмыз. Әсіресе, орыс тілінің дәурені жүріп тұрған алып қалалар мен Ресей елімен иық тіресе орналасқан облыстарда қазақ тілінің мәртебесі тұрақты болмай тұр.

Қазақ тілі – сөздік қоры мен мағыналық жағынан өте бай, құрылымы күрделі тілдердің қатарында. Тарих бетіне оқтын-оқтын ой жүгіртсек ықылым замандардан бері әлем аралаған талай ғұламалар қазақ тілінің тазалығы мен ырғақтығына таңғалысын жасыра алмаған. «Тілім менің тірлігімнің айғағы» демекші, еліміз ертеден тіл қадірін өз қадірінен биік қоя білген. Қара қылды қақ жарып, төрелігін таразыдай тең берген төбе билер, замана шындығын шыңғырта жеткізген шешендер, дақпырты мың қолды бастауға жеткен қаһарман батырлар, елдің көшін сүйреген хандар да қарақұрым халықты бір ауыз сөзбен ұйытып, жұмылған жұдырықтай қалпында ұстап отырған. Бұнда ұлттың тілге деген құрметі мен тілдік құдіреттің асқақтығы басымдыққа ие болды десек те қателеспеспіз.

Мемлекет тарапынан тіл саясатын жүзеге асыру жұмыстары да оңтайлы қолға алынуда. Әр саланы қазақшаландыру, тіпті өзге ұлт өкілдерінің ерікті түрде қа-

зақ тілінде сөйлеу, үйрені процессінің жылдамдығы артқанын аңғарамыз. Бұл қажеттіліктен туындаған дүние. Елімізде «Үш тілділік» үрдісі қолданыс тапқанымен, орыс және ағылшын тілдерінің алдында ана тіліміздің шоқтығы биік екендігі рас. Қосалқы қолданыс тілдері әлемдік кеңістікпен тең қарым-қатынас жасау және білім-ғылым көгінде кеңінен самғау үшін қажет екендігін көбісі түсіне білген. Сондықтан да, құндылықтар тізімінде алдыңғы қатарда тұрған тіл мәселесінде кемшілікке жол берсек ертеңіміздің де баянды болмасы хақ.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев бір сөзінде: «Қазақ тілінің мәртебесі мемлекеттік тіл ретінде күшейіп келеді. Ол ұлтаралық қатынас тілі болатын кезең келіп жетті. Алайда ол үшін біріміз бірігіп жұмыс істеуіміз керек», - деп баса айтқан еді. Расымен де, ана тіліміздің ұлтаралық қатынас тілі болатын мезеті тәуелсіздіктің 30 жылдығынан асқан жаңа дәуірімен қатар келгендей. Өзге этнос өкілдері қазақ тілін үйренумен қатар қазақша ойлауға да дағдылануда. Бұл үрдіс оңымен жалғасын таба берсе алдағы он жылдықта кеңейімізде іркілген бұл мәселенің де бір шешімі табылады деген сенімдеміз. Бүгінде мемлекеттік саясаттың бағыттары тілдік тақырыптарды айналып өтпеуде. Бұқара мен биліктің ойы ортақ арнада тоғысса ертеңіміз де жарқын бола түспек.

Қаншалықты кемшілік пен кедергілер жолықса да қазақ халқының ұлттық болмысы, рухани жадысы аманда – ана тіліміз де ғасырлардан ғасырларға аяқ басып, Мәңгілік тұғырына көтеріле берері ақиқат. Осы жолда сіз бен біз болып әрекет жасауымыз қажет. Тіл тұғырын бірге көтере берейік.

Р.СЕЙТХАНОВА,
Алақол аудандық «Тіл»
оқу-әдістемелік орталығының
меңгерушісі.

Әр азаматтың міндеті

«Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолда-

нысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-ала жүйелі әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» түсіндіріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өске-лең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

Алақол ауданының статистика бөлімінің басшысы өз тарапынан тоқсан сайын бөлім мамандарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізеді, сондай-ақ бөлімде респонденттер бұрышында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің хабарламасы ілініген, бұдан басқа да түсіндірме жұмыстары атқарылады.

А.РАХАТАЕВА,
Алақол ауданының статистика
бөлімінің бас маманы.

Қай мемлекетті алсақ та заман талабына сай даму процессін өзінің басты бағыты етіп отырғандығы рас. Бұл ретте әсіресе, халық пен билік арасындағы алтын көпір саналар мемлекеттік қызмет саласын сандық форматқа ауыстыру ісінде ілгерілеушілік көп.

Бүгінгі күні еліміздің барлық салаларында цифрландыру күн тәртібіндегі ең басты тақырыбының бірі болып тұр. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыты – сандық білім беру. Бүгінде экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды,

порталы арқылы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары Көлбай ауылдық округінде әкімшілікте, Көлбай және Қызылқайың орта метептерінде, «Әдемі-Ай» балабақшасында орнатылып, игілігін халық көруде. Аталған бұрыштарда арнайы мамандар бекітіліп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізуде. Осы жаңа бастаманың арқасында ауыл азаматтары аудан орталығына ХҚКО-ға ат шалдырмай-ақ өз үйлерінен яки жоғарыда аталған мекемелерден тиісті жұмыстарын бітіріп алады. Олардың электрондық цифрлық қолтанбасымен 200-ден астам мемлекеттік қызметтерді алуға болады. Жыл басынан тың жоба арқылы Көлбай ауылдық округінде 300 азамат өздеріне қажетті мемле-

Электрондық мемлекеттік қызметтерді қамыту

балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде.

«Электрондық үкімет» порталы – Қазақстан азаматтарының және республика қонақтарының Қазақстан туралы, оның үкіметі, заңнамасы, ұлттық назар аударарлық орындары туралы ресми ақпарат ала алатын, сонымен қатар, онлайн режимде мемлекеттік органдар қызметіне ие болып және айыппұл төлеуге мүмкіндік беретін бірыңғай ресурс.

Қоғамның бүкіл өмірі сандық форматқа ауысуда. Сонымен аталған бастаманың басты құралы саналар eGov.kz порталы қарапайым азаматтардың мемлекеттік қызметтерге жылдам қол жеткізуі үшін өте қолайлы болып тұр. Осы ретте Көлбай ауылдық округінде де сандық сауаттылықты арттыру бойынша түрлі жұмыстар атқарылуда. Атап өтсек eGov.kz

кеттік қызмет түрлеріне анықтамалар алды. Жоғарыда атап өткен бұрыштар арқылы тұрғындарға қажетті толық ақпарат беріп, көмектесуге әрқашанда дайын. Бүгінгі өте қиын жағдайда азаматтарға аудан орталығына барып, кезек күтпей-ақ, үйінде отырып барлық тиісті құжаттарын алуға қолайлы болып тұр. Ең қымбат байлық уақыт болса, ең электронды порталы сол уақытты үнемдеудің бірден бір жолы. Себебі сіз үйден шықпай-ақ кез келген мемлекеттік қызметті алып, жұмысыңызды дер кезінде аяқтай аласыз. Бұны жіті түсінген Көлбай ауылдық округінің берекелі халқы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына айтар алғыстары шексіз

А.Ш.АСЫЛХАНОВА,
Көлбай ауылдық округінің әкімі
аппаратының бас маманы.



Окотная кампания

Горячая пора сейчас на отгонных участках хозяйств Алакольского района. С каждым днем отары, в том числе и частного сектора, полнятся ягнятами, что дает гарантию на то, что поголовье овец нынче вырастет не на один десяток тысяч голов, в том

числе и племенного молодняка. Крупных хозяйств, где и племенная работа на высоте, и опытные овцеводческие кадры имеются.

На днях мы побывали в крестьянском хозяйстве «Ушқұн» Ынтылинского сельского округа, которым руководит Амантай

Дильдебаев. Хозяйство многоотраслевое - сеют зерновые колосовые и сою, имеют посевы многолетних трав, занимаются сахарной свеклой. В животноводческой составляющей – 724 головы овец и коз, только овцематок насчитывается 349 голов. Как говорит руководитель крестьянского хозяйства, окотилась почти половина овцематок, получен неплохой приплод. Радует нынешняя кампания и его соседа по округу руководителя КХ «Бейбарыс» Курманбека Акубай. Да и весна нынче хоть и ранняя, но теплая.

Полнятся отары ягнятами

По словам главного зоотехника районного управления сельского хозяйства Ермека Сабурова в сельхозформированиях всех форм собственности и на частных подворьях нынче насчитывается более 221000 голов овец и коз. В том числе 70640 овцематок и это не считая таких крупных овцеводческих хозяйств, как СПК «Токжайляу», «ТОО «Алаколь Агро», коммандитное товарищество «Жазылбеков и К.».

Окотная кампания, в силу природных условий и содержания овец здесь началась не ранее текущего месяца.

На сегодняшний день, по данным районного управления сельского хозяйства, в целом по району окотилось чуть более 51000 овцематок. Благодаря относительной теплой зиме и полной обеспеченности грубыми и сочными кормами средний выход ягнят на сто овцематок составляет ориентировочно 90 – 93 головы. Что является достаточно высоким показателем. И это, повторюсь, без учета приплода



Окотная кампания только на

Нуржан Ахметов) из 880 голов овцепоголовья ровно 500 приходится на овцематок. И первые 75 уже принесли здоровых ягнят. Так, что «страда» у овцеводов Алаколя только начинается. К примеру, на отгонный участок Караултобе в долине Алаколя уже прибыли 5 маточных отар СПК «Токжайляу», проделав трудный, многокилометровый переход по горам. Сейчас чабаны, их помощники – саиманщики обживаются и готовятся к началу массового окота овец.

Василий Воробьев.
Фото автора.

Наследование — это переход имущества умершего гражданина (наследодателя) к другому лицу (лицам) — наследнику (наследникам). Наследование осуществляется по завещанию и (или) по закону. Наследование по закону имеет место, когда завещание отсутствует либо определяется судьбу не всего наследства, а также в иных случаях, установленных законодательством. Завещанием признается волеизъявление гражданина по распоряжению принадлежащим ему имуществом на случай смерти.

Наследство открывается вследствие смерти гражданина или объявления его умершим. Временем открытия наследства является день смерти наследодателя, а при объявлении его умершим — день вступления в силу судебного решения об объявлении гражданина умершим.

НАСЛЕДСТВО И НАСЛЕДОВАНИЕ

если в решении суда не указан иной день. Местом открытия наследства является последнее место жительства наследодателя, а если оно неизвестно — место нахождения имущества или его основной части.

Наследниками по завещанию и закону могут быть граждане, находящиеся в живых в момент открытия наследства, а также зачатые при жизни наследодателя и родившиеся живыми после открытия наследства. Наследниками по завещанию могут быть также юридические лица, созданные до открытия наследства и существующие ко времени открытия наследства, а также государства.

В состав наследства входит принадлежащие наследодателю имущество, а также права и обязанности, существование которых не прекращается с его смертью.

К наследуемому имуществу относится, принадлежащее наследодателю:

недвижимое имущество, такое как земельные участки, здания, сооружения, многолетние насаждения и иное имущество, прочно связанное с землей, то есть объекты, перемещение которых без несоразмерного ущерба их назначению невозможно;

движимое имущество, такое как деньги, ценные бумаги, автотранспорт, личные вещи, драгоценности, предметы быта и обихода, имущественные права (требования) и другое имущество;

когда завещание отсутствует или определяет судьбу не всего наследства, наследование осуществляется по закону.

Наследники по закону призываются к наследованию в порядке очередности, предусмотренной статьями 1061-1064 Гражданского кодекса РК. Каждая последующая очередь наследников по закону получает право на наследование в случае отсутствия наследников предыдущей очереди, устранения их от наследства, неприятия ими наследства либо отказа от него, кроме случаев, когда при отказе от наследства наследник указал, что он отказывается от него в пользу других лиц из числа наследников по завещанию или по закону любой очереди, в том числе в пользу тех, которые призваны к наследованию по праву представления.

Для принятия наследства необходимо обратиться к нотариусу или уполномоченному в соответствии с законом на выдачу свидетельства о праве на наследство должностному лицу по месту открытия наследства с заявлением о принятии наследства либо о выдаче свидетельства о праве на наследство.

По общим правилам наследство может быть принято в течение шести месяцев со дня открытия наследства.

Для того, чтобы вступить в наследство, необходимо представить нотариусу ряд документов. При подаче нотариусу заявления о выдаче свидетельства о праве на наследство по закону нотариусом проверяется факт смерти наследодателя, время и место открытия наследства, наличие родственных отношений наследников с наследодателем, состав и место нахождения наследственного имущества. В связи с чем нотариусом истребуются доказательства вышеуказанных обстоятельств.

Наследниками представляются следующие документы: (свидетельство о смерти наследодателя; документы, подтверждающие родственные отношения между наследником и наследодателем, это могут быть свидетельство о заключении брака, свидетельство о

рождении, выписка из метрических книг, вступившее в законную силу решение суда об установлении факта родственных отношений между наследником и наследодателем и др., правоустанавливающие документы на принадлежавшее наследодателю движимое и недвижимое имущество, подлежащее государственной регистрации, например: договоры купли-продажи, дарения, мены, приватизации, свидетельства о праве на наследство, а также идентификационные документы на земельный участок (акт на землю), свидетельства о регистрации транспортных средств в дорожной полиции, технические паспорта, выданные уполномоченными органами, для долей в уставном капитале коммерческих (хозяйственных) товариществ — устав и учредительный договор, выписка из реестра держателей ценных бумаг, для вкладов — договор с банком либо справка о наличии вклада, выписка из пенсионного счета и др.)

При выдаче свидетельства о праве на наследство по завещанию нотариусу предъявляются те же документы, кроме документов, устанавливающих родственные отношения. При этом, нотариусом проверяется наличие завещания и выясняется круг лиц, имеющих право на обязательную долю в наследстве.

Как правило, наследники при принятии наследства не задумываются о том, что вместе с имуществом наследодателя к ним переходят и его долги. Или вообще думают, что со смертью наследодателя прекращаются все его обязательства. Некоторые кредиторы, к сожалению, имеют тоже мнение.

Однако, законодательством Республики Казахстан установлены условия универсального правопреемства наследства как единого целого и в один и тот же момент (п.1 ст.1038 ГК РК). Кроме того, из смысла статьи 1081 Гражданского Кодекса РК вытекает, что наследники отвечают по обязательствам наследодателя как солидарные должники в пределах стоимости имущества, перешедшего к каждому наследнику, и кредитор вправе предъявить к ним свои требования.

Таким образом, если наследник принял часть наследства, то и по долгам умершего будет отвечать в пределах этой части.

Требования, вытекающие из обязательств наследодателя, предъявляются к наследникам только после приобретения ими наследства.

М. Атутанова,
нотариус нотариального округа области Жетісу.



вил.

Однако, для успешной реализации этих мер необходима совместная работа со стороны филиала, бизнеса (лесопользователей) и жителей близлежащих населенных пунктов. Филиал должен разрабатывать стратегии охраны природы и принимать законы и меры, чтобы обеспечить их реализацию. Лесопользователи должны принимать на себя ответственность за свою деятельность и стремиться к устойчивому использованию природных ресурсов. Общество должно поддерживать эти усилия и принимать активное участие в

охране природы и воспроизводстве лесов.

Таким образом, охрана природы - это обязанность каждого государственного инспектора и гражданина нашей Республики. Мы должны признать, что мы не можем жить в изоляции от природы, и что наши действия могут иметь долгосрочные последствия для здоровья нашей планеты и нашего общества. Поэтому важно, чтобы мы сделали всё возможное для охраны природы и защиты ее от угроз.

В. ПОШЕВИН,
инженер
природопользования
Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

Охрана природы - наша обязанность

Охрана природы - это охрана нашего дома. Природа предоставляет нам ресурсы для жизни, здоровья и благосостояния, а также уникальные места для отдыха и развлечений. Она обеспечивает биологическое разнообразие, которое, в свою очередь, поддерживает здоровье экосистем и их способность к саморегуляции, а так же прославляет наши родные места.

Однако, в последние десятилетия, человеческая деятельность стала угрожать этим ценным ресурсам и экосистемам. Вырубка лесов, загрязнение водоемов, переработка земли, загрязнение атмосферы и изменение климата - все это приводит к потере биоразнообразия

и ухудшению качества нашей жизни.

Чтобы справиться с этими проблемами, Лепсинский филиал РГУ «Жонгар-Алатауский» ГНПП принимает активные меры по охране природы, что включает в себя:

- сокращение потребления ресурсов и уменьшение выбросов в атмосферу;
- поддержание и защита природных мест и экосистем;
- восстановление и охрана уязвимых видов;
- обучение и информирование общества о значении природы и ее охране;
- рациональное пользование лесом;
- соблюдение санитарных пра-

Алақөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ

20 _____ жылғы
№ _____

Алақөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы «Алақөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 16-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының «Ардагерлер туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Алақөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алақөл аудандық мәслихатының «Алақөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 30 қарашадағы № 16-1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 101-19 тіркелген, 2023 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Алақөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

1 тарау, 2.1., 2 тарау, 7.6 тармақтары келесі редакцияда баяндалсын:

«1.2.1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға»;

«2.7.6) Әлеуметтік маңызы бар аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған тұлғалар (отбасы): әлеуметтік маңызы бар аурумен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - ай сайын 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алақөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін (келісім бойынша).

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

Алақөл аудандық мәслихатының шешіміне 1 қосымша

Алақөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Алақөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (бұдан әрі - Үлгілік Қағидалар) сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті

алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға»;

2) арнайы комиссия - мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

4) әлеуметтік көмек - жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі - ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

5) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - уәкілетті орган);

6) ең төмен күнкөріс деңгейі - «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігі Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін шамасы бойынша ең төменгі тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс - отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) атаулы күндер - Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

9) уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) учаскелік комиссия - атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

11) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылына 1 рет) көрсетіледі.

5. Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

- 1) 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні;
- 2) 26 сәуір - Халықаралық Чернобыль атом электр станциясындағы апат құрбандарын еске алу күні;
- 3) 9 мамыр - Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні;
- 4) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонының жабылу күні;
- 5) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні.

2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

6. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

- 1) дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі не әлеуметтік маңызы бар аурулардың болуы;
- 2) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;
- 3) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы;
- 4) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы;
- 5) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы негіздер болып табылады.

7. Әлеуметтік көмек алушылардың санатының тізбесі және шекті мөлшерлері:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері - 1500000 (бір миллион бес жүз мың) теңге, бір рет;
- 2) Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдар, атап айтқанда: басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері - 150000 (бір жүз елу мың) теңге, бір рет; майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998

жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдар - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдар - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының, Байланыс халық комиссариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтар - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарлары жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар - 150000 (бір жүз елу мың) теңге, бір рет;

3) Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде жаралануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

1944 жылғы 1 қаңтар - 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары - 100000 (бір жүз мың) теңге, бір рет;

(Жалғасы 5 - бетте)

4) Еңбек ардагерлері, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

5) Қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан қаза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдар - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстың объектілік және авариялық командаларының өзін-өзі қорғау топтарының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларының қаза тапқан жұмыскерлерінің отбасылары - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

бұрынғы КСР Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары - 150000 (бір жүз елу мың) теңге, бір рет;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары - 150000 (бір жүз елу мың) теңге, бір рет;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары - 150000 (бір жүз елу мың) теңге, бір рет;

сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектері бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары - 150000 (бір жүз елу мың) теңге, бір рет;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектері бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектері бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектері бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы) - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

1988 - 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар - 60000 (алпыс мың) теңге, бір рет;

бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енген жұмысшылары мен қызметшілері - 50000 (елу мың) теңге, бір рет;

6) Әлеуметтік маңызы бар аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған тұлғалар (отбасы): әлеуметтік маңызы бар ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - ай сайын 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш; адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне

жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде, ай сайын;

7) дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен осы мекенжайда тұрақты тұратын және тіркелген азаматтарға (отбасыларға) не оның мүлкіне зиян келтірген жағдайда, үш айдан кешіктірмей, жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш, бір рет;

8) мұқтаж азаматтарға (отбасыларға) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын (бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға) жан басына шаққандағы орташа кірісі есепке алынып - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш, бір рет;

9) әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген, жан басына шаққандағы орташа кірісі өтініш жасалған тоқсанның алдындағы облыс бойынша белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын, отбасы құрамында Қазақстан Республикасының жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқитын балалары бар аз қамтылған отбасылар, табыстарын есепке алмай Қазақстан Республикасының жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқитын жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш, бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде, бір рет;

10) жан басына шаққандағы орташа кірісі облыс бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің жетпіс пайыздық қатынасынан аспайтын, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын балалары бар отбасыларға - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш, ай сайын;

11) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын санаторийлік-курорттық ұйымда болу құнын өтеу ретінде, жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, санаторийлік-курорттық емдеуге алып жүретін мүгедектері бар баланың заңды өкілдерінің біріне және бірінші топтағы мүгедектері бар адамдармен еріп жүретін адамдарға - 55 (елу бес) айлық есептік көрсеткіш, бір рет;

12) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне кірісін есепке алмай 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік көмек;

13) Қазақстан Республикасының Конституция күніне - 18 жасқа дейінгі мүгедектері бар балаларға (ата-аналарының біріне немесе өзге де заңды өкілдеріне) 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір рет.

3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

8.Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

9.Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды, ол оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

10.Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей көрсетіледі және уәкілетті ұйымға не өзге де ұйымдарға сұраныс жолдау арқылы олардың тізімдері қалыптастырылады.

11.Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан жергілікті әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне мынадай құжаттарды қоса Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті береді, оған мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

